ШАРУА ҚАМЫ



Мал азығы: өнімділік өсе түсуде **2**

НАЗАР



Ертеңін ойлаған азамат еді **3**

ФУТБОЛ



Әріптестеріміз топ жарды **4**

**Сыр бойы** 90 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№112 (19790)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

30 шілде /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

САПАР

# ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ: ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

**Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың аудандарға жұмыс сапары сенбі күні Жалағаш ауданында жалғасты. Аймақ басшысы аудандағы әлеуметтік және өндірістік нысандардың жұмысымен танысып, бірнеше елді мекен тұрғындарымен кездесті.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бұл күні ауданда осыдан 4 ай бұрын әуе апатынан қаза тапқандарға арналған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтті. Ескерткіштің ашылуына облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов пен ҚР Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев қатысты. Шараға қаза болған 13 жауынгердің отбасы мен жақын-жуықтары шақырылған. ҚР Қорғаныс министрі Н.Ермекбаев ерлікпен қаза болған жауынгерлердің отбасына әрдайым қамқорлық жасалатынын атап айтты.

– Бұл сарбаздардың ғұмырлары қысқа болса да, өздерінің парыздарына адал болып, өмірден өтті. Біз олармен мақтанамыз және олардың ата-аналарына жауынгер ұл өсіргені үшін алғыс айтамыз. Қаза болған азаматтардың отбасыларына алдағы уақытта да жан-жақты көмек көрсетіледі. Әрине, бұл олардың қайғысын жеңілдетпейді. Дегенмен, біз қолдан келген көмекті аямаймыз,– деді министр.

Өз кезегінде аймақ басшысы орын алған қайғылы оқиға елдің қабырғасын қайыстырғанын жеткізді.

– Бейбіт заманда 13 сарбаздың қаза болуы – барлығымыз үшін ауыр қайғы. Олардың есімдерін халық жадында мәңгі сақтау үшін қаза тапқан жауынгерлердің құрметіне ескерткіш тақта орнатылды, – деді облыс әкімі.

Шарада сарбаздардың ата-аналары да сөз алып, олардың есімін ел жадына мәңгі қалдыру үшін қойылған ескерткіш тақта көңілге медет болғанын айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Айта кетелік, Мемлекет басшысы - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының Жарлығымен «Ми-8» тікұшағының апаты кезінде қаза тапқан әскери қызметшілер қызметтік борышын адал атқарғаны және ерлігі мен жанқиярлығы үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған болатын.

Ізгі шарадан кейін аймақ басшысы Жалағаш кентіндегі «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағында орналасқан жобалармен танысып, «Өркен-Әлем» ЖШС-ның арнайы киім тігу цехының жұмысын көрді. Жобаның жалпы құны 38,2 млн теңгені құрайды. Кәсіпорын қажетті құрал-жабдықтармен





Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

жабдықталған. «CT-KZ» сертификатын алып, бүгінгі күні толық іске қосылған тігін цехында 24 адам жұмыспен қамтылған.

Мұнан соң облыс әкімі кент орталығындағы «Тағзым» алаңына ат басын бұрды. Қайта жаңғыртудан өткен бұл орын тұрғындар үшін рухани-мәдени демалыс алаңына айналды десек, артық айтқандық емес.

Аймақ басшысы қуаттылығы 30 кВт «Nomad Solar» ЖШС салатын күн-электр станциясы құрылысының басталуына қатысты. Күннен қуат алатын электр станциясының құрылысына 60 адам жұмылдырылса, іске қосылған соң 18 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімінің жұмыс сапары мұнан әрі Бұқарбай батыр ауылдық округінде жалғасты. Мұнда күріш өсірумен айналысатын «Байтабын» ЖШС №5 бригадасының егіс алқабында болып, шаруашылықтың жай-күйімен танысты. С.Мыханов басқаратын серіктестікте барлығы 110 адам жұмыс істейді. Ауылдың әл-ауқатын көтеруге үлес қосып келе жатқан серіктестік өткен жыл қорытындысымен гектарына 68 центнерден өнім жинаған.

Сондай-ақ, аймақ басшысы «Самара-Шымкент-Мәдениет-Мақпалкөл-Жаңаталап-Аққыр» тас жолының бойындағы «Оңтүстік коллектор» көпірін қайта жаңғырту және Аққыр ауылдық округінде абаттандыру бойынша тартылған ауыз су мен электр желісін жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Мұнан кейін Мақпалкөл ауылдық округінде аумағы 6 гектар алма бағын аралап көрді. Өткен жылы отырғызылған ағаштар биыл алғашқы жемісін бере бастапты. Мұнда 4 адам тұрақты еңбек етеді.

– Бұған дейін ауыл шаруашылығын дамытсақ, өткен жылдан алма егуді қолға алдық. Мақсат – елдегі жұмыссыздықты жою. Биыл алғашқы жемісін бере бастады. Келер жылы мұнан да көп жеміс береді деп күтудеміз. Алдағы уақытта алма бақтың көлемін ұлғайтсақ дейміз. Сонымен қатар, келер жылы жылыжайды дамытуды қолға аламыз, – дейді «Құрманбай ата» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов.

2-бет.

АРЫС, БІЗ БІРГЕМІЗ!

**Қызылорда облысы – Арыс қаласындағы төтенше жағдайға байланысты ондағы ағайынға бірінші болып қол ұшын берген аймақтардың бірі. Өңірде зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша бірқатар шаралар әзірленген болатын. Соның бірі облыс әкімдігінің қолдауымен балаларды демалу және сауықтыру мақсатында жазғы лагерь ұйымдастыру еді.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

## Арыс балалары “Талдысуда” тынығады



Осы мақсатта өткен жексенбіде Жаңақорған ауданындағы “Талдысу” балалар сауықтыру лагеріне Арыс қаласынан 150 бала демалуға келді. Оларды облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова мен аудан әкімі Ғалым Әміреев қарсы алып, Қаратау бөктерінде жақсы демалыс өткізуге тілек білдірді.

Балалар лагерьде 20 күн демалады. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін психологиялық тренинг, экскурсия, түрлі үйірмелерге қатысады. Спорттық секциялар бойынша түрлі ойындар ойнап, көңіл көтереді. Мұндағы тәжірибелі оқытушылар мен тәрбиешілер балғындардың жазғы демалысты есте қалатындай өткізуіне барлық жағдайды жасауға дайын. Тамылжыған табиғат аясындағы демалыс орнына келген балалардың қуанышында шек жоқ. Олар үшін қызықты бағдарламалар мен бар мүмкіндіктер қарастырылған.

Мәселен, лагерьде тәулік бойы медицина қызметкерлері балақайлардың денсаулығын бақылайтын болса, кәсіби педагог мамандар мен білікті тәрбиешілер әр баламен тығыз жұмыс жасап, олардың уақытты тиімді өткізуіне, жақсы демалуына атсалысады.

Осылайша, жазғы демалысты жоғары деңгейде өткізу үшін келген балалар ауылдарына ерекше көңіл-күймен оралмақ.

#BIRGE #TAZAQAZAQSTAN

## Қызылордалықтар акцияға қатысты

**Сенбі күні #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы аясында Сырдария өзенінің оң жағалауын қоқыстан тазарту шаралары өтті. Сенбілікке облыс бойынша 6000-нан астам адам жұмылдырылып, 85 шақырым аумақ тазаланды. Эко-челленджге облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Намаев қатысты.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА.




Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев бастаған акцияға алғашқылардың бірі болып Қызылорда облысы қолдау білдірген болатын. Өткен аптада облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Арал ауданындағы «Көкарал» бөгетінің аумағын тазарту бастамасына атсалысып, эстафетаны барлық аудандар мен елді мекендерге жолдады.

Бұл күні облыс орталығындағы «Арай-2» шағын ауданынан «Қызылордажылуэлектрорталығына» дейінгі 11 шақырым аумақ тазартылды. Сенбілік таңды сергек бастаған 50-ден астам мекеме қызметкерлері Сырдарияның оң жағалауын тазалау ісіне бір кісідей жұмылдырылды. Осылайша 1000-нан астам мемлекеттік қызметкер белсенділік көрсетті. Есесіне су жағасындағы 3454 текше метр тұрмыс қалдықтары – полиэтилен, шыны ыдыстары, пластмасса, түрлі резиналар, құрылыс қалдықтары жиналды. Дария бойындағы күл-қоқыс демалыс ұйымдастыруға келген көпшіліктен қалған белгі екені рас. Ал, акцияның мақсаты тұрғындардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау жұмысына еріктілерді тарту. Тіпті, еліміздің бас экологы М.Мырзағалиевтің айтуынша, алдағы уақытта мектептер мен балабақшаларда экологиялық тәрбиеге арналған қосымша сабақ енгізілмек.

Сенбі күні қалада ауа райы әдеттегідей $40^0$ С дейін қатты ыстықты көрсеткені белгілі. Сондықтан акцияға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген аумақтарда арнайы құтқару қызметі мен жедел жәрдем қызметтерінің кезекшілігі де ұйымдастырылды.

Айта кетейік, эко-челлендж қозғалысы осы жылдың қыркүйек айына дейін жалғасады. Ал кезекті акция облыс аумағында осы аптаның сенбі күні ұйымдастырылмақ.

## Жергілікті компания – ТМД сыйлығынан үміткер

**Ширек ғасырлық тарихы бар қызылордалық «Абзал және К» ТС өнім және қызмет көрсету саласындағы жетістіктерге арналған ТМД сыйлығына үміткерлер қатарында. Сыйлықты берудегі мақсат – достастық елдері аумағында өндірілетін өнім экспортының әлеуетін арттыру, кәсіпкерлерді ынталандыру.**

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі хабарлағандай, жуырда облысқа сараптау комиссиясының сарапшылары Динара Аймұрзаева (Қырғызстан) мен Наталья Недельчева (Молдова) келді. Олар компания жұмысымен танысты. Серіктестік 2017 жылы ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын иеленген болатын. Енді халықаралық сапа саласындағы байқаудың келесі кезеңіне қатысуға ниетті.

ТМД сыйлығы – сапалы өнім шығарып, қызмет көрсеткен, сондай-ақ, осы саладағы қауіпсіздік саласына аса мән беретін, басқарудың жаңа, заманға сай әдістерін енгізген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған екі жылда бір рет берілетін марапат. Үміткерлер өнім сапасын ең кемі екі жыл бойы дәлелдеуі және ТМД-ның екі



еліне өнім экспорттауы тиіс.

Халықаралық сарапшылар компанияның негізгі қызметі – күрішті егуден бастап өндеуге дейінгі процесімен, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Нағи Ілиясов ауылын абаттандыру аясында атқарған тірлігімен танысты.

– Сарапшылар ТМД сыйлығына берілген өтініш иелерінің барлығына бірдей бара бермейді. Ең алдымен, құжаттар алдын ала сараптаудан өтеді. Ол талапқа сай болған жағдайда ғана кәсіпкерлік нысанының жұмысын көреді, – деді «Атамекен» ҰКП сарапшысы Мәдина Мұқатова.

Компания Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында күріш егіп, оны өз зауытында өңдейді. Жылына таза ақталған 25 мың тонна күріш өндіреді. Оның тең жартысынан астамы Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан, Моңғолия сияқты елдерге шығарылады. Компания күріш өндірушілердің үздік үштігі қатарында. «Абзал және К» ТС бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауылға соңғы жылдары 1 млрд теңгеден астам қаржы салған.

**«СБ» ақпарат.**

№112 (19790) 30 шілде, сейсенбі 2019 жыл

Sb

# Жалағаш ауданы: Жаңа жобалар жүзеге асуда

Келесі бағыт – Мәдениет ауылы. Ауылдағы спорт кешенін көрген облыс әкімі жаз демалысын бос өткізбей, спорт залда жаттығып жүрген болашақ чемпиондарға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, өткен жылы пайдалануға берілген «Балауса» балабақшасын көрді. Мұнан кейін ауылдағы мәдениет үйіне ат басын бұрып, ауыл ақсақалдарымен кездесті. Ауыл-аймақты аралап жүрген аймақ басшысы тұрғындарымен емен-жарқын пікірлесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдауға дайын екендігін білдірді.

Аймақ басшысының жұмыс сапары мұнан әрі Таң ауылында жалғасты. Мұнда «Таң ЛТД» ЖШС мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған 100 орындық спорт кешенін аралап көрді. Спорт кешені жаз мезгіліне қарамай үздіксіз жұмыс істеуде. Ауыл балалары қалауына қарай спорттың таэквондо, дзю-до секцияларына қатысады. Мұнда 11 адам жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ, облыс басшысы тәулігіне 100 тонна күріш салысын ақтайтын «Таң ЛТД» ЖШС-ның «Дихан Ата» күріш ақтау цехында болды. Ауылдағы тағы бір жақсы жаңалық – өткен жылдан бастап тәулігіне 1000 дана консерві өндіретін «Агролидер Таң» ЖШС цехы іске қосылды.

Облыс әкімі Еңбек ауылдық округінде болып, «Еңбек Жер» ЖШС-ның ауыл тұрғындарының игілігі үшін салған 50 орындық спорт кешені, мешіт және шаштараз, шағын маркет, 200 орындық тойхана жұмысымен танысты.

1-бет.



Айта кетелік, ауылдағы шағын маркет қаладағы супермаркеттерден кем емес. Өнімнің барлық түрі сөреде тұр. Бағасы да қолжетімді. Нан өнімдері ауыл наубайханасында пісіріледі. Айтпақшы, кәсіпкер жұма сайын мұқтаж отбасыларға 30 бөлке нан үлестіруді дәстүрге айналдырыпты.

– Қазір ауыл мен қаланың айырмашылығы жоқ. Бір кездері ауылдан қалаға көшкен ел енді ауылға бет бұра бастады, – деді облыс әкімі.

Мұнда облыс басшысы 30 жылдық тарихы бар «Батыр аналар» ансамблі мүшелерімен кездесті. Бүгіндері шөберенің қолынан су ішкен ақ кимешекті әжелер өз өнерлерін жалғастыруды кейінгі ұрпаққа аманат етпек. Осы мақсатта ауылда «Келіндер ансамблі» құрылып жатқанын естідік. «Ел іші – өнер кеніші» демекші, асыл өнерді жоғалтпау үшін сабақтастықты үзбеген ақ жаулықты аналардың бұл ісіне тәнті болдық.

Ал, ауылдың ажарын ашқан игі істердің ұйытқысы болған «Еңбек Жер» ЖШС басшылығына тұрғындар дән риза.

– Болашақта ауылды көркейту жұмыстарын жалғастырамыз. Бассейні бар және өзге де секцияларды қамтитын спорт кешенін салу жоспарымызда бар. Ауыл тұрғындарын баспанамен қамтуды қолға алдық. Биыл екі жұмысшыға баспана салудамыз. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласына инновация енгізу жұмыстарын жалғастырамыз,– дейді «Еңбек Жер» ЖШС төрағасы Шәкизатхан Искаков.

Жалағаш ауданына жұмыс сапарында облыс әкімі Аққұм ауылдық округінде болып, мұнда өткен жылы салынған «Бақдәулет-57» ЖШС мал бордақылау кешенінің жұмысымен де танысты. Мұнда 18 адам тұрақты еңбек етеді.

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы нақты жағдайды ескере және мүмкіншіліктерді бағалай отырып жасалған деп есептеймін.**

## Барлық бағыттағы өрлеудің белгісі



Қазақстан бүгінгі күні жаһандық бәсекелестік жағдайында өмір сүруде. Осы жағдайда қоғамды бір мақсатқа жұмылдыра білу – ең өзекті мәселе. Барлық кезеңде «Өрлеу» дамудың негізгі факторы екені белгілі. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлының халықпен бүгінгі заманауи байланыс желісін қолдана отырып, ашық пікір алмасуы, қоғамдық келісім кеңесін құру, атқарушы билікті халықтың мұң-мұқтажын жылдам шешуге шақыруы, сонымен қатар әрбір азаматтың жауапкершілігінің болуы ортақ Отанымыз – Қазақстанның барлық бағыттағы өрлеуінің негізі екеніне дәлел.

«Өрлеу» идеясы – әрбір прогрессивті адамның өмір сүру идеологиясы. Себебі осы бөлімде бізге қажеттінің бәрі бар. Он бөлімнің қайқайсысы да өте маңызды және өзектілігі айқын. Аталған идеяларды жүзеге асыру мемлекеттің ғана міндеті емес. Президент мұны әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Бұл жағдай – мүлдем жаңа формат және әрбір қоғам мүшесінің мемлекетті дамытудағы жаңа мүмкіндіктері мен жауапкершілігі.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында кейбір жобалардың (LTR) негізсіз, көпшіліктің талқылауынсыз қабылдануы сынға алынды. Жер мәселесі жөнінде орынды көтерілді. Мемлекет басшысының осыған байланысты көпшілікті ой бөлісуге шақыруы сөзі мен ісінің бір екенін көрсетеді.

Шикізатқа бейімделген экономика сыртқы жағдайға тәуелділік пен алмағайыптылықты тудыратынын соңғы жылдардағы жағдай көрсетіп отыр. Міне, осы орайда «Ауқатты және заманауи ауыл», «Дамыған кәсіпкерлік», «Тиімді қаржылық жүйе», «Қуатты өңір – Қуатты Қазақстан» идеялары еліміздің тұрақты, үдемелі дамуының негізі болмақ.

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өрлеудің қозғаушы күші – жастар» блогында айқындалған. Себебі білімді, жаңа технологияларды игерген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, дұрыс өмір сүру принципін басшылыққа алған, инабатты, жауапкершілігі мол ұрпақ арқылы мәңгілік ел бола аламыз.

**Серікбай ӨМІРЗАҚОВ,**
**техника ғылымдарының докторы,**
**ҚР АШҒ академигі,**
**«Ауыл» ХДП облыстық филиалының төрағасы.**

ШІЛДЕДЕГІ ШАРУА ҚАМЫ

# Мал азығы: өнімділік өсе түсуде

**Қазір мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Ол өз кезегінде мал азығындық дақылдардың көбеюіне тікелей әсер етіп отыр. Өткен жылы шаруашылықтар мал азығындық дақылдарын көрші облыстарға сатып, біраз пайда көрген болатын. Соған орай биыл облыста мал азығындық дақылдар егілетін алқаптар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 6 мың гектарға артып, 62,7 мың гектарға жетті. Тек жоңышқа ғана емес, жаздық бидай мен жүгері егістіктері де өскені байқалады.**

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне жүгінсек, аймақтағы шаруашылық құрылымдарында жоңышқа дақылының 1-орымынан барлығы 87,1 мың тонна өнім жиналған. Сондай-ақ, 120 гектар түйежоңышқа алқабы түгел орылып, 156 тонна шөп дайындалды. Орта өнім гектарына 13 центерден айналды. Қазіргі таңда ескі жоңышқаның 2-орымы басталып, 1433 гектардан 4,5 мың тонна өнім жиналды. Аудандарда мал азығын дайындау жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, 169,5 мың тонна табиғи шөп дайындалды.

Мәселен, Жалағаш ауданындағы «Байтабын» ЖШС жоңышқаның алғашқы орымынан үш мың тоннадан астам шөп жинап алған болатын. Құнарлы мал азығының бір бөлігі шаруашылық қажетіне қалдырылса, бір бөлігін егістік басынан сатып алып кетуде. Сол секілді осы аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі «Таң ЛТД» ЖШС және «Ерәлі» ШҚ жоңышқаның екінші орымын бастап кетті. Шаруашылық басшылары шөп түсіміне көңілі толып отырған жайы бар.

Бүгінгі күнге облыс бойынша егілген 3777 гектар күздік бидайдың 3752 гектары жиналып, 9553 тонна өнім алынды. Орта өнім гектарына 25,5 центнерді



(2018 жылы 19,5 ц/га) құраса, егілген 4221 гектардың жарымынан астамы орылып, 2789 тонна өнім алынған. Орта өнім 11 центнерден келуде. Сонымен қатар, 728 гектар сүрлемдік жүгеріге, 531 гектар дәнді жүгеріге үстеп қоректендіру жұмыстары жүргізілді.

Биыл облыстың ауылшаруашылық құрылымдарына «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 3 млрд теңгеге лизингтік жолмен 70 техника алу жоспарланып, қазір 74 дана техника сатып алынды. Жоғарыда айтып өткен «Байтабын» ЖШС осындай жолмен екі Claas Lexion комбайны мен «Мак Дон» жаткасына қол жеткізді.

Ал осы жылы облыста 1636 трактор, 806 комбайн, 460 жатка, 323 автомашина және 766 трактор күзгі егін жинау және дала жұмыстарына қатысады деп күтіліп отыр.

**«СБ» ақпарат.**

ӘЛЕУМЕТ

# Өнеркәсіптің өрісі кеңейді

**Мемлекеттің басты мақсаты – азаматтардың табысы мен тұрмыс деңгейін арттыру екендігі белгілі. Осы бағыттағы бағдарламаларды орындауда Шиелі ауданы әрдайым алдыңғы межеден көрінеді.**

Оңтүстік аудандағы негізгі түсім өнеркәсіп өнімін өндіру арқылы жүзеге асады. Бұл орайда Шиелінің өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындар осы жылдың 6 айында 14 млрд теңгеге жуық өнім өндірген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жоғары көрсеткіш.

Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі арқылы өсім ұлғая түсетіндігі белгілі. Мәселен, нақты кезеңде бұл көрсеткіш 21,5 млн теңгеге жетті. Аталған қаржының басым бөлігі, «Астана» КМК-ның магистральды газ құбырына салған инвестициялық қаржысы есебінен ұлғайтылды. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 10 млрд 489 млн теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,7 есеге өскен.

Индустрияландыру бағдарламасына сәйкес өнеркәсіп өнімінің көлемін арттыру бағытында 3 жоба жүзеге асырылуда: біріншісі, «Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС 20 мамырда іске қосылып, қалыпты жағдайда жұмыс істеуде. Бүгінгі күнге зауыт 43,8 мың тонна цемент өндіріп, 260 тұрақты жаңа жұмыс орны ашылды.

Екіншісі, «Фирма Балауса» құны 125 млн АҚШ долларын құрайтын металл өңдеу жобасын жүзеге асыруда. 2019 жылдың 1 қаңтарына экспорт көлемі 3,2 есеге ұлғайтылып (2017 ж.- 128 тонна) 1,4 млрд теңгені құрайтын 200 тонна аммоний метаванадатын экспорттады. Биыл 5 оксидті ванадий өндіру цехы құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда кәсіпорында 147 адам жұмыс жасайды.

Үшіншісі, «Таң ЛТД» ЖШС-ның жобалық құны 397 млн теңгені құрайтын «Күріш және құрама жем өндірісі» жобасы. Мемлекет тарапынан 5000 гектар жер телімі егіндік мақсатта табысталды. Қазір 1000 гектар жерге жоңышқа және мақсары дақылдары егілді.

Сонымен қатар, «Сыр агро и К» ЖШС-ның 1 100 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы жобасы аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылып, қолдау тапты. Бұл шаруашылық жылына 5,3 мың тонна сүт өндіру жобасын қолға алып отыр. Жобалық құны 2,5 млрд теңге. Өндірістік мақсатқа 500 гектар жер телімі табысталды. Бүгінгі күнде құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы индустриалды аймаққа 96 гектар жер телімі бөлінген. Бүгінгі күнге 66 млрд теңгені құрайтын 7 жобаға 63 гектар жер телімі табысталып, оның ішінде 4 жоба («Шиелі Жолшы» ЖШС, «Мия Шиелі» ЖШС, «Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС, «Бөпежанова» ЖК) іске қосылып жұмыс жасауда.

Жуырда өткен үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік сектордағы үйлесімсіз істерді қатаң сынға алғаны белгілі. Бұл орайда Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп келе жатқандығын атап айтқан жөн. Бұл мемлекеттік қолдау мен алдын ала ұйымдастыру шараларының өз дәрежесінде жүруінің нәтижесі деп түсінген дұрыс. Мәселен, соңғы екі жыл көлемінде аудан облыс бойынша алдыңғы орынды бермей, озат атанып келеді. Кеңестік кезеңде 41 Еңбек Ері шыққан, шежірелі Шиелі ауданының жұртшылығы өздерінің төл кәсібіне қашанда адалдығымен қатар жаңа технологияларды белсенді енгізуімен де ерекшеленеді. Диқан еңбегінің қазіргі барысына қарап, биылғы жылы да қамбалар астыққа толады деген үміт бар. Соңғы есепке зер салсақ, аудан бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдары 3 млрд 756 млн теңгенің өнімін өндірді. Егіншілік жағдайын тарқата баяндар болсақ, биылғы жылы аудан бойынша 29655 гектарға егіс егілді. Әртараптандыру есебінен егіншілік көлемі былтырғы жылға қарағанда 2297 гектарға артық орналастырылды. Мұнда күріш көлемі жалпы дақылдың 42 % құрап отыр. Ауданда мал азығының берік қорын жасау мақсатында бидай мен мақсары, жоңышқаның көлемі арттырылды.

Әрине, ауыл шаруашылығы саласының маңызды тармағы төрт түлікке қатысты екендігі анық. Бұл орайда ауданда мал басының өсімі айтарлықтай. Нақты цифрға мән берелікші, аудан бойынша 2019 жылғы 1 шілдеге ірі қара – 104,5 %-ке (58192), қой мен ешкі – 116,4% (102138 бас), түйе – 103,7% (1524 бас), жылқы 118% (17613 бас) артты, құс 25334-ті құрады.

Тірілей салмақтағы ет пен өндірілген сүт, жұмыртқа көлемінің өсуі бұл саладағы жұмыс қарқынының артқандығын көрсетеді.

2019 жылға ауданға «Сыбаға» бағдарламасы аясында 325 бас асыл тұқымды МІҚ аналығын сатып алу жоспары бекітілсе, қазіргі таңда Ресей Федерациясынан 120 бас әкелінді («Әсет» шаруа қожалығы бағдарламамен 104 бас, өз қаржысы есебінен 16 бас).

Бағдарламаға орай ауданға 7800 бас қой сатып алу жоспарланса, шілде айында оның 4389 басы жеткізілмек.

– Президент «Еңбекке қабілетті әрбір азамат лайықты жұмыспен қамтылуы керек. Сонда ғана халықтың әл-ауқаты жаппай жақсарады, экономиканың өсімі жақсарады» деп атап көрсетті. Бұл орайда орта және шағын кәсіпкерліктің орны бөлек. Біз осы жағдайға жіті назар аударып, белсенді жұмыс жүргізіп келеміз,– дейді аудан әкімі Әшім Оразбекұлы. Аудан әкімінің айтуынша, 2019 жылдың 1 шілдесіне ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 4501 субъектіге жетсе (жеке кәсіпкер – 2833, шаруа қожалықтары – 1127, заңды тұлғалар – 541), оның ішіндегі жұмыс жасап тұрған кәсіпкер саны 4107-ге жетіп, 91,2 % құрады.

Жыл басынан аудандағы мемлекеттік кірістер басқармасына 272 жеке кәсіпкер, 21 шаруа қожалығы, 22 заңды тұлға тіркеліп, жалпы 315 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ашылды. Бұған қосарымыз «Өңірлік инвестиция орталығы» жанындағы бақылау кеңесінде (мал шаруашылығынан басқа жобаларға) 174 млн теңге болатын 58 жоба қолдау тапты. Бүгінгі күні барлық мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауданда 551 млн теңгені құрайтын 74 жоба қаржыландырылды.

Президенттің халықты өнімді жұмысқа тартуды жандандыру тапсырмасын басшылыққа алған аудан әкімдігі салалар бойынша тиісті бағдарламаларды орындауда тиянақты жұмыс жүргізіп келеді. Мұның бәрі әлеуметтің әлеуетін арттыруына сеп болары сөзсіз.



**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ОБЛЫСТЫҚ АВТОТРАНСПОРТ САЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ



# Жасампаз еңбекке толы дәуір

**Бүгінде өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған облыстық автомобиль транспорты саласының өткен тарихы аймақтың өсіп-өркендеуімен, бірнеше ұрпақ өкілдерінің жанқиярлық, жасампаздық еңбегімен сабақтасып жатыр. Мұрағат құжаттарына жүгінсек, 1938 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш автокөлік пайда болды. Бұл орайда облыстық коммуналдық шаруашылық жанындағы облыстық трест правосы негізінде дербес транспорт шаруашылығы құрылған болатын. 1939 жылғы 20 маусымда Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен жеке балансқа Қызылорда автотресі ұйымдастырылды. 1940 жылдан бастап облыстық атқару комитеті жанындағы облыстық автомобиль транспорты бөлімі болып қайта құрылды.**

1948 жылы Қызылорда қаласында алғаш рет жолаушылар көлік жүйесі құрылды. 1950 жылдың басында облыстық автомобиль басқармасының бастығы ретінде тиісті шешімдерге Г.Ганнота қол қойды. Одан кейінгі жылдары салаға Дмитрий Кузнецов, Мағмұр Маханов, Аскарян, Цой, Төлеу Байтөкенов, Ақберген Төралин, Жақсыбай Маматов, Амангелді Әбдікәрімов, Ким Дон Чер, Сансызбай Құттыбайұлы, Жолғазы Баймақышев, Нұрділда Сыздықов басшылық жасады.

Ал 1955 жылы облыстың автотранспорт жүйесінің паркі 300-ге жуық автокөлікпен толықты. Біз бүгін облыстың автокөлік жүйесінің құрылуына маңдай терін сіңіріп, кәсіпорындардың тізгінін алғаш ұстаған Юрий Максим, Палонин, Рыбакин, Жамантаев, Құдайбергенов есімдерін құрметпен атап өткіміз келеді.

Уақыт өте келе сала өркендеп дамыды.1960-1970 жылдары облыс экономикасының барлық салалары күрт көтерілді. Оған автотранспортшылардың қосқан үлесі қомақты. Аудандарда автокөлік жүйесі кеңінен өріс алды. Жүк тасымалдау, жолаушы көліктерінің паркі едәуір ұлғайды. Облыс кәсіпорындары республикалық жарыстарда бедел биігінен көрінді. 1980 жылдары облыстық өндірістік автомобиль транспорты бірлестігінде 6000-нан астам жұмысшы-қызметкер еңбек етті.

Бүгінгі айтулы мерекені саланың үш ұрпақ өкілдері атап өтпекші. Тарихқа көз жүгіртсек, бұл сала өзінің кәсіби мерейтойын сонау 1989 жылы атап өткен болатын. Бұл кеңес тұсындағы соңғы мереке іспеттес еді. Содан кейін 70 жыл өмір сүрген ортақ жүйе құлады. Бүкіл экономика саласы жаңа нарық қатынастарымен өмір сүре бастады. Саланы басқару, үйлестіру қалалық әкімшіліктерге, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының құзыретіне көшті. Жолаушылар, жүк тасымалдауды жеке нарық субъектілері жүзеге асыра бастады.

Саланың ардагерлер ұйымы өзінің 2018 жылғы қыркүйек айындағы алқа мәжілісінде жүйенің 80 жылдық мерейтойын атап өту жөнінде шешім қабылдады. Бұл орайда тарихи-танымдық энциклопедия шығару, мерекелік төсбелгілерге тапсырыс беру жұмыстары қолға алынды. Сала ардагерлері мен озаттарын ұлықтау, марапаттау рәсімдерін өткізу белгіленді. Шараға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Әбдіхалықовтан, облыс, қала басшылығы, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесі тарапынан қолдау білдірілді. Облыстың жеке жолаушылар тасымалдау ұйымдарының басшылары Б.Сыздықов, Ж.Құрмашев, Т.Ниязғалиев, М.Нұғманов, Б.Өтегенов, А.Тәуіпбаев, Н.Ахатов, Ә. Шайыхов, Әбдіазиз Әлжан, М.Әкімов, Қ.Әуезов, А.Арысбай, Л.Мамитанова және басқалар қаржылай көмек көрсетті.

Бүгінде 80 жылдық мерейтойын лайықты жетістіктермен, еңбекке деген айрықша серпінмен атап өтіп отырған облыстық автотранспорт саласының қызметкерлері Қазақстанның стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыруда жаңа биіктерді бағындыратынына сенімдімін.

**Жәнібек НҰРҚЫШҰЛЫ,
облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ардагерлер ұйымының төрағасы.**

# Ертеңін ойлаған азамат еді

Қиындықтарға мойынсұнбай, өмірден тек жақсылық күтіп, әрдайым жадырап жүретін ағамыз Мәдияр Әбсұлтанұлының дүниеден озғанына жиырма жылдың жүзі болып қалыпты. Замандастарының айтуынша, ол қайда жүрсе де, қай салада қызмет етсе де, қарапайымдылығы, шыншылдығы және әділдігімен ерекшеленетін.

Мәкеңнің өзінен үлкен апасы, анам Қаншагүл Әбсұлтанқызы: «Ол заманда бүкіл бір ауылдағы дүниеге келген балалардың құжаттарын жинап бір-ақ беретін еді», – деп айтып отырушы еді көзі тірісінде. Сол кісі айтқандай, 1933 жылы Шиелі ауданы Ақтөбе колхозының жұмысшысы Әбсұлтан Ахметовтың отбасында дүниеге келген Мәдиярдың құжаттарында туған жылы 1932 деп көрсетіліп кетіпті.

Кеңес дәуірінің енді ғана қалыптасып келе жатқан шағы. Ол кезде қарапайым шаруаның бәрі балаларын жастайынан еңбекке баулып өсіретін. Әбсұлтан атай мен Бибайша әжей де тұңғыш ұлдарын ерте бастан үй шаруасына жұмсайтын. Ал 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда ер азамат түгел майданға аттанды. Тылда кемпір-шал, әйел, бала-шаға қалды. Буыны қатаймаған балалар еңбекке араласуға мәжбүр болды. Мәдияр да үлкендерден қалыспай егін даласынан масақ теріп, мал бағып еңбек етті.

Көпбалалы шаруаның отбасында басты мақсат – оларды тамақ, киім-кешектен тарықтырмау. Ал баланы оқуға жіберу ол заманда арман еді. Алайда ешқандай кедергілерге қарамастан бала күнінен оқуға құмар болған М.Әбсұлтанов Шиелідегі №45 мектеп-интернатта білім алып, 1951 жылы Ташкентке барып, бағын сынауға бел буды. Бағы жанып, сол жылы-ақ Ташкент қаржы-экономика институтына оқуға қабылданды.



Студенттік өмір көзді ашып-жұмғанша өте шықты. 1954 жылы қолына диплом алған жас маман Жаңақорған ауданындағы машина-есептеу станциясына жұмысқа қабылданды. Бірер жыл өткен соң комсомолдық жұмысқа ауысып, аудандық комсомол комитетінің II хатшысы лауазымына дейін көтерілді. Көп ұзамай аудандық партия комитетіне қызметке ауысты. Осы жылдары жаңақорғандық Шәрипамен танысып, жақын араласып, үйленді. Тату-тәтті ғұмыр кешіп, төрт ұл, екі қыздың әкесі атанды.

1961-1969 жылдары М.Әбсұлтанов облыстық партия комитетінің әкімшілік бөлімінде қызмет атқарды. 1969 жылы партия комитеті бюросының шешімімен Шиелі аудандық тұтынушылар одағының төрағасы қызметіне кірісіп, оны 1974 жылға дейін абыроймен атқарды. Сол жылдары Шиелі ауданында жаңадан ашылған №31 жылжымалы механикаландырылған колонна жұмысына серпін беру мақсатында Мәкеңді осы мекеменің экономикалық жоспарлау бөліміне басшы етіп тағайындайды. 1974 жылы Шиелі ауданындағы өндірістік комбинат директоры қызметіне кірісіп, осы жерден 1980 жылы зейнетке шықты. Сонда да ақсақал үнемі жас әріптестерімен кездесіп, көрген-білгенімен бөлісіп отыратын. Оны байқаған сол кездегі аудан әкімі Жарылқасын Тұрабаев Мәкеңді ресми түрде жұмысқа шақырып, аудан әкімдігінің жоспарлау бөліміне қабылдайды.

Мен білетін Мәдияр ағай қолында қанша билік пен мүмкіншілік болғанына қарамастан қарапайымдылығын сақтап қалған азаматтардың бірі еді. Ұл-қыздары өз күштерімен оқуға түсті, бүгінде бір-бір мамандық иесі. Әкелерінің есімін сол деңгейде ұстауға тырысып келеді. Ең бастысы, ағамыз өзіне зәулім үй де салған жоқ. Қарашаңырақтың егесі болып отырған екінші ұлы Сәкен бүгінде сол баяғы тұтынушылар одағының төрағасы қызметіне тағайындалғанда әкесіне жергілікті үкімет берген үйде тұрып келеді.

«Мәкең нағыз азамат еді ғой, – дейді Ақмая ауылының тұрғыны, бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан Баянбай Ыбыраев. – Біз ол кісінің көзінше темекі де шекпейтінбіз. Өйткені ағамыз жат қылықтарды жақтырмайтын адам болды, бірден бетке айтып салатын. Бір жағынан елдің сыйлы азаматы болғандықтан, ешкім оның алдын кесіп өтпегені былай тұрсын, айтқанын екі етпейтін еді».

Өмір өзені қашанда ағымын тоқтатқан емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келетіні хақ. Бүгінде Мәдияр ақсақалдың ұл-қыздарының өзі немере сүйіп отыр. «Әке көрген оқ жонар» демекші, олар үнемі аталарының қандай адам болғанын кейінгі ұрпаққа айтумен келеді. Ұрпақ тәрбиесі немесе рухани байлығымыздың өзі осыдан басталса керек.

**Қазыбек КАМАЛҰЛЫ.**

# Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бастамашылық ету туралы

2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 44 бабына сәйкес, әлеуетті жекеше әріптестің ауылдық жерлерде бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуға арналған «Шиелі ауданы Жөлек ауылдық округіндегі спорт кешенін жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бастамашылық жасағаны туралы хабарланады.

**Жобаның мақсаты:** тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды спортпен қамту үшін жағдай жасау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін мүмкіндік орнату, спорт түрлері бойынша (күрес түрлері, таеквондо) дамуына жәрдемдесу, тұрғындарға спорттық қызмет көрсету мақсатында спорт кешенін жалға алу. Бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуда тиісті жағдайлар жасау. Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорттың материалдық - техникалық базасын нығайту.

**Жобаның техника-экономикалық талаптары:**

1) жер учаскесінің алаңы - 0,1500 га;

2) жалпы алаңы - 300 м² кем емес.

**Негізгі параметрлері:** спорт кешенінің ғимараты бір қабатты, жалпы көлемі 30м * 10,5м. Салмақ түсірілетін конструкция биіктігі 3м кем емес. Ғимаратта күрес түрлері, таеквондо залдары, медбике (аға) кабинеті, жаттықтырушылар бөлмесі, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, әжетхана (ерлер, әйелдер), сондай-ақ кіреберіс алаңы болуы қажет.

**Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар:**

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болу);

2) төлем қабілеті бар, салық берешегі жоқ;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.;

5) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде соңғы үш жыл ішінде жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмауға;

Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде баламалы ұсыныстарды қабылдайды.

**Балама ұсыныс болуы тиіс:**

2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚР "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңының және ҚР Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленген және ресімделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы бизнес-жоспар.

әлеуетті жекеше әріптестің атауы мен мекенжайы;

мемлекеттік тиесілігі туралы ақпарат( заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін));

әлеуетті жекеше әріптес ұсынатын заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және тұлғалар туралы мәліметтер;

әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

**Анықтама үшін: Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.**

Мекен-жайы: Қызылорда қ., Ғ.Мұратбаев к/сі, №3;

Телефон: + 7 (7242) 23-06-40, электрондық мекен-жайы: ufs@korda.gov.kz.

***

2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 44-бабына сәйкес, әлеуетті жекеше әріптестің ауылдық жерлерде бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуға арналған «Жаңақорған ауданы Жаңарық ауылындағы спорт кешенін жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бастамашылық жасағаны туралы хабарланады.

**Жобаның мақсаты:** тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды спортпен қамту үшін жағдай жасау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін мүмкіндік орнату, спорт түрлері бойынша (волейбол, еркін күрес, греко-рим) дамуына жәрдемдесу, тұрғындарға спорттық қызмет көрсету мақсатында спорт кешенін жалға алу. Бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуда тиісті жағдайлар жасау. Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорттың материалдық - техникалық базасын нығайту.

**Жобаның техника-экономикалық талаптары:**

1) жер учаскесінің алаңы - 0,3263 га;

2) жалпы алаңы – 700 м²-ден кем емес;

**Негізгі параметрлері:** спорт кешенінің ғимараты бір қабатты, жалпы көлемі 24м * 33м. Салмақ түсірілетін конструкция биіктігі волейбол спорт түрі бойынша 8 м кем емес, ал еркін күрес, греко-рим спорт түрлері бойынша 4 м кем емес. Ғимаратта волейбол, еркін күрес, греко-рим залдары, медбике (аға) кабинеті, жаттықтырушылар бөлмесі, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, әжетхана (ерлер, әйелдер), сондай-ақ кіреберіс алаңы болуы қажет.

**Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар:**

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болу);

2) төлем қабілеті бар, салық берешегі жоқ;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.;

5) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде соңғы үш жыл ішінде жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмауға;

Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде баламалы ұсыныстарды қабылдайды.

**Балама ұсыныс болуы тиіс:**

2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының және ҚР Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленген және ресімделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы бизнес-жоспар.

әлеуетті жекеше әріптестің атауы мен мекенжайы;

мемлекеттік тиесілігі туралы ақпарат( заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін));

әлеуетті жекеше әріптес ұсынатын заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және тұлғалар туралы мәліметтер;

әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

**Анықтама үшін: Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.**

Мекен-жайы: Қызылорда қ., Ғ.Мұратбаев к/сі, №3;

Телефон: + 7 (7242) 23-06-40, электрондық мекен-жайы: ufs@korda.gov.kz.

***

2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 44-бабына сәйкес, әлеуетті жекеше әріптестің Қызылорда облысында бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуға арналған «Қызылорда қаласында стенд ату және нысана көздеуден ату комплексін жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бастамашылық жасағаны туралы хабарланады.

**Жобаның мақсаты:** тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды спортпен қамту үшін жағдай жасау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін мүмкіндік орнату, спорт түрлері бойынша (ату спорты - стенд ату және нысана көздеу) дамуына жәрдемдесу, тұрғындарға спорттық қызмет көрсету мақсатында стенд ату және нысана көздеу алаңдарын жалға алу. Бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуда тиісті жағдайлар жасау. Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорттың материалдық - техникалық базасын нығайту.

**Жобаның техника-экономикалық талаптары:**

1) жер учаскесінің алаңы - 3,000 га;

2) жалпы алаңы - 4200 м² кем емес.

Негізгі параметрлері: стенд ату алаңының жалпы көлемі – ені 36 м, ұзындығы 80м, нысана көздеу ғимаратының жалпы көлемі – ені 25м, ұзындығы 60м. Жобада стенд ату және нысана көздеу алаңдары, жаттықтырушылар бөлмесі, спортшылар үшін клуб үйі, медбике (аға) кабинеті, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, әжетхана (ерлер, әйелдер) болуы қажет.

**Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар:**

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болу);

2) төлем қабілеті бар, салық берешегі жоқ;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.;

5) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде соңғы үш жыл ішінде жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмауға;

Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде баламалы ұсыныстарды қабылдайды.

**Балама ұсыныс болуы тиіс:**

2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының және ҚР Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленген және ресімделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы бизнес-жоспар.

әлеуетті жекеше әріптестің атауы мен мекенжайы;

мемлекеттік тиесілігі туралы ақпарат( заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін));

әлеуетті жекеше әріптес ұсынатын заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және тұлғалар туралы мәліметтер;

әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

**Анықтама үшін: Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.**

Мекен-жайы: Қызылорда қ., Ғ.Мұратбаев к/сі, №3;

Телефон: + 7 (7242) 23-06-40, электрондық мекен-жайы: ufs@korda.gov.kz.

***

2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 44 бабына сәйкес, әлеуетті жекеше әріптестің ауылдық жерлерде бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуға арналған «Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі дене-шынықтыру сауықтыру кешенін жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бастамашылық жасағаны туралы хабарланады.

**Жобаның мақсаты:** тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды спортпен қамту үшін жағдай жасау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін мүмкіндік орнату, спорт түрлері бойынша (күрес түрлері, бокс, таеквондо, баскетбол, волейбол, минифутбол) дамуына жәрдемдесу, тұрғындарға спорттық қызмет көрсету мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу. Бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру барысын дамытуда тиісті жағдайлар жасау. Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорттың материалдық - техникалық базасын нығайту.

**Жобаның техника-экономикалық талаптары:**

1) жер учаскесінің алаңы - 1,6327 га;

2) жалпы алаңы - 2000 м² кем емес;

**Негізгі параметрлері:** дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ғимараты бір қабатты, жалпы көлемі 72м * 30,7м. Салмақ түсірілетін конструкция биіктігі волейбол, баскетбол спорт түрлері бойынша 8м кем емес, ал күрес түрлері, бокс, таеквондо спорт түрлері бойынша 4м кем емес. Ғимаратта күрес түрлері, бокс, таеквондо, баскетбол, волейбол, минифутбол залдары, медбике (аға) кабинеті, жаттықтырушылар бөлмесі, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, әжетхана (ерлер, әйелдер), сондай-ақ кіреберіс алаңы болуы қажет.

**Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар:**

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігіне (жеке кәсіпкер үшін) ие болу);

2) төлем қабілеті бар, салық берешегі жоқ;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.;

5) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде соңғы үш жыл ішінде жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмауға;

Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде баламалы ұсыныстарды қабылдайды.

**Балама ұсыныс болуы тиіс:**

2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының және ҚР Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленген және ресімделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы бизнес-жоспар.

әлеуетті жекеше әріптестің атауы мен мекенжайы;

мемлекеттік тиесілігі туралы ақпарат( заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін));

әлеуетті жекеше әріптес ұсынатын заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және тұлғалар туралы мәліметтер;

әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

**Анықтама үшін: Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.**

Мекен-жайы: Қызылорда қ., Ғ.Мұратбаев к/сі, №3;

Телефон: + 7 (7242) 23-06-40, электрондық мекен-жайы: ufs@korda.gov.kz.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
**70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

# Абдолла Дәулетұлы



Сыр бойы халқы ауыр қазаға ұшырады. Үстіміздегі жылдың 27 шілдесінде Қызылорда облысының Құрметті азаматы, абыз ақсақал Абдолла Дәулетұлы ауыр науқастан дүние салды.

Абдолла Дәулетұлы 1931 жылдың 1 мамырында Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылында дүниеге келген. 1952 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Мамандығы – тарихшы ұстаз. 1952-1955 жылдары Ташкент қаласындағы Абай атындағы №28 қазақ – өзбек мектебінде ұстаз, оқу ісінің меңгерушісі, партия ұйымының хатшысы, Шиелі ауданындағы орта мектепте ұстаз, аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарған.

1957 жылдан Шиелі аудандық партия комитетінде-насихатшы, үгіт-насихат бөлімінің бастығы болды. 1963 жылы Қызылорда облыстық партия комитетіне қызметке шақырылып, нұсқаушы, облыстық Саяси-ағарту үйі бастығының орынбасары, 1967-1971 жылдары идеология бөлімі бастығының орынбасары болды.

1972-1978 жылдары облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің, ал 1979-1982 жылдары партиялық-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1982 жылы облыстық халықтық бақылау Комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1991 жылы Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққан соң 2001 жылға дейін облыстық кеңесінде жауапты қызметтер істеді.

Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының XII, Қазақстан компартиясының XV, XVI, XVII съездерінің делегаты, «Құрмет белгісі» орденімен және оннан астам мемлекеттік медальдармен марапатталған. Қызылорда облысы мен Шиелі ауданының «Құрметті азаматы».

2001 жылдан бастап Қызылорда облысы әкімдігі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымын басқарды.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін шығармашылық жұмыспен белсенді айналысып, тарихи-танымдық тақырыптағы «Өмір өрнектері», «Ыбырай тағылымдары», «Мәуелі әулет», «Сыр саңлақтары», «Нұрлы жол», «Иман ұялаған мекен», «Ардагерлер – ел тірегі», «Толымды тұлғалар» атты кітаптарын баспадан шығарды.

Жұбайы Ережеп Елена Сыздыққызымен бір қыз, үш ұл тәрбиелеген, немере, шөбере сүйген асыл әке, ардақты ата.

**Облыс әкімдігі,
облыстық мәслихат,
облыстық қоғамдық кеңес,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы,
облыстық ардагерлер кеңесі.**

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес, облыстық ардагерлер кеңесі Дәулетовтер әулетіне
**Дәулетов Абдолла Дәулетұлының**
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Жалғасбай жырау

**Күні кешеге дейін «Кеш сауат ашқан, таным-білімі төмен халық едік» деп өзімізді өзіміз кемітіп, өзгелерден олқы санап келдік. Түптеп келсек, тарихымызды парақтасақ, ешкімге есе жібермейтін ел екеніміз уақыт өткен сайын дәлелдене бастады. Қазір оған айқын дәлеліміз де, таразы басар салмағымыз да бар.**



Ғылым, білімді айтсақ, бір әл Фараби ілімінің өзі көсегемізді көгертер талай асуларға алып шығады. Өнерге салса, күй атасы Қорқыт бабамыздың мұралары сан ғасырдан бері халқымызға рухани нәр болып келеді ғой. Бұл аталғандар – бүкіл қазақ даласының, халқымыздың маңдайына біткен ырыс-құт. Бір Алланың бағасы қымбат сый-сияпаты. Тек оны бағалай, мәпелей аялап, қадірлей білуіміз керек.

"Сырдың елі – жырдың елі". Осынау мақтаныш тудыратын, ел аузындағы мақал-мәтелге айналған сөз – жоғарыда айтылған Алла сыйлаған киелі қасиеттің жемісі, көрінісі. Енді аздап төмен түсіп, жаңағы қасиеттің бірін тарқата отырайық. Әрісі Қорқыт атадан бастасақ, қазақ ел болып, ірге көтергелі Сыр бойы әсем әнімен, салалы дастанымен әмбеге аян. Салалы жыр, термелерді, оқиғалы дастандарды әнмен өрнектеп айтуды, оларды халықтың рухани қазынасына айналдыруды осы аймақтың өнерпаздары дәстүр еткен. Ақын, жыраулар бүгінгідей ақпарат құралдарының жоқ кезінің өзінде өнерлі қауымның шығармаларын өлтірмей, бірінен-бірі жаттап алып, таратып, көптің арасында айтып, насихаттап отырған. Оған өткен ғасырда осы өңірде өмір сүрген халық ақыны Қуаныш Баймағамбетұлының Сыр бойында бұрын-соңды өткен ақын-жыршылар жөніндегі толғаулары дәлел:

Бұдабай Сыр бойының сүлейі еді,
Ақынның аса күшті дүлейі еді.
Артына өшпейтұғын сөз қалдырған,
Шешеннің шаң жұқтырмас біреуі еді.

Күлдірлеп Күдері өтті Таспаменен,
Айтысқан талай жүйрік қасқаменен.
Айтысып Ұлбикемен жеңіп шыққан,
Тең таппай теңесуге басқаменен.

Кеншімбай кені жырдың өткен Сырда,
Айтысқан Ақсұлудай қызбен бұл да.
Тек қана мен Сыр бойын айтып тұрмын,
Әйтпесе жоқ демеймін ақын қырда.

Жорықбай жойқан жүйрік өтті кеше,
Жырында болдық оның әлденеше.
Алдына жарысқанда адам салмас,
Айтулы ақын еді ол тым өзгеше.

Кетеде Шораяқтың Омары өтті,
Өлгенше өлең-жырды борап өтті.
Даңмұрын, Ешнияз бен Оңғар жырау,
Тұрымбет бес Бозғұлдан бұлар да өтті.

Топ бастар Тұрмағамбет тұлпар еді,
Самғаған самұрықтай сұңқар еді.
Тарихын мұсылманның жырға қосқан,
Сөзіне бүкіл қазақ іңкәр еді.

Баласы Қадырберген Қаңлы Жүсіп,
Жақыппен айтысты ол бірдей түсіп.
Бәйге алған жүйріктер көп Сыр елінде,
Жанында жүлде бермес сөз жарысып.

Таубайдың Жүсібі өтті төмендегі,
Ерімбет Қарасақал Шөмендегі.
Сарыбай Әзілкеш пен һәм Құлназар,
Шегебай, Бәйім, Сайын өрендері.

Бұлардың артын ала, күні кеше
Лайық оны жауынгер жырау десе.
Жалғасбай жауды жеңген батыр еді,
Тыңдаған жырын халқы әлденеше.

Ендігі әңгіме жауынгер жырау Жалғасбай туралы болғандықтан, сөзімізді оның тегі мен өмір жолынан бастағанымыз мақұл болар. Жырау Жалғасбай Тұяқбайұлы 1908 жылы Қармақшы ауданы, "Ақжар" елді мекенінде (бұрынғы Ақбел, Жуантөбе ауылы) дүниеге келген. Әкесі Тұяқбай "байдың тұқымы" деген жаламен 1930 жылдары дүние-мүлкі тәркіленіп, 3 жылға сотталады да Ақмешіт түрмесінде қайтыс болады.

Әкесі дүниеден озған соң, қуғыннан жапа шеккен отбасынан күй қашып, әр жерде паналауға мәжбүр болады. Анасы Мәрия мен қарындасы Ажаркүл Өзбекстанға қоныс аударады. Сыртта бір жылдай болып, тағдыр тауқыметін көрген отбасы елге оралған соң арабша, латынша сауаты бар Жалғасбай 1937-1939 жылдары ауыл балаларына сабақ беріп, ел ішінде жыраулық өнермен шұғылданады. Ауылдастары алдында әуелі алуан тақырыпта домбыраның сүйемелдеуімен жыр-термелер, арасында дәстүрлі әндер шырқап, халықтың ықыласына бөлене бастайды. Аймақтың атақты сөз зергерлері Тұрмағанбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Жиенбайдың Рүстембегі, әсіресе, Үбісұлтан, т.б ақын, жыршыларға еріп ұстаздардың үрдісін жалғастырып, өзінің жыраулық деңгейін кеңейтіп, репертуарын байытады. Ордалы ортаға түсіп, рухани қоры баии түсіп, "Қыз Жібек", "Мұңлық-Зарлық", "Айна мен тарақ", "Шаһнама", т.б салалы, күрделі дастандарды жырлайтын болады.

Жалғасбай – өмірдің тәтті дәмін татпай, тағдырдың тауқыметті қиянетін көп көріп, бармағы тістеулі өткен жан. 1941 жылы өз өтінішімен Балтық теңізі жағалауындағы кекілескен ұрыстарға қатысып, еріксіз тоғыз ай тұтқында болады. Содан жау қолынан қапысын тауып, қашып шығып, Балтық бойындағы Филау қаласындағы Қызыл әскерге қосылады. Соғыстан кейінгі екі жыл өмірі де аңдуда, тергеуде өтеді. Оның бәріне сұм соғыстың зобалаңы кінәлі, әрине. 1948 жылы қайта тұтқынға алынып, 1949 жылы жалған жаламен Қостанай облысындағы Жетіқара қаласына жер аударылады. Содан 1955 жылы алаңсыз ақталып, елге оралады.

Елге оралған соң, ауыл тірлігіне белсене араласады. Аудандағы көкемөнерпаздар тобына қосылып, көптің алдында өлеңін оқып, жыр толғайтын. 1967 жылы СССР-дің 50 жылдық тойына Қызылорда қаласында 300 үй тігіліп, он күн тойланды. Өмір қызығына тоймай, өмірі өксумен, өкінішпен өткен Жалғасбай осы тойда жыраулығымен, қараша үйдің әдемілігінен бас жүлде алады. Одан кейін осы жылы қараша айында Энгельс совхозында Қармақшы ауданының 50 жылдығы тойланып, онда да жүлде иеленеді. Көп ұзамай жұбайы Ақбұрыш екеуі де көлік апатынан опат болды.

Міне, осылай Жалғасбай ащысын көрсе де, тұщысын тата алмай, өмірден өксумен өткен өнерлі жан еді. Бұлай есіркеуіміз – оның шабытты шағы майдан даласында зұлмат жаумен арпалысумен, одан соң жазықсыз жазаның құрбаны болумен өтті. Ең өкініштісі осы еді. Өйткені жазықсыз жаза оның талантын тежеп, қаламын еркін сілтетпеді. Ел қатарлы жыр сайыстарына, ақындар айтысына, қоғамдық-мәдени шараларға белсене қатыса алмады. Өлең кітаптары да дер кезінде жарық көрмеді.

Жалғасбай дайын жыр-дастандарды орындаушы ғана емес, өз жанынан өлең шығарған ақындығы да болған жан. Сөзімді дәлелдеу үшін Жалғасбайдың қаламынан туған өлеңдерінен бірер мысал келтірейін:

Қимай-қимай қоштасып,
аттандық ұлы майданға,
Өрімдей кілең өңшең жас,
тиелдік темір вагонға.
Асынып бес қаруын, сағынып
бәрі ауылын
Сап түзеді солдаттар,
күтіп тұр жаудың дауылын.

Оқ атылды бір кезде зеңбіректер
зіркілдеп,
Орман іші күңіренді,
әскери бұйрық діңкілдеп.
Қоштасты сонда солдаттар
бір-бірімен күңкілдеп
Батысқа бірден бет алдық,
жау шебінен тіл алып,
Шу дегеннен ісіміз, алға басты оңалып...

деп қанды майданға кірген сәтін жырлайды. Жалғасбай да майданда жүріп туған жерін, атамекенін сағына, сарыла жырға қосады.

Туған жер, атамекен, амансың ба?
Құтты ғой аталардың батасы да.
Оралсам Жосалының жусанына
"Ботам" деп бауырыңа басасың ба?

Сағындым жал-жал болған белестерін,
Сәт сайын көз алдыма елестедің.
Бір көрсең соғыстағы түрімізді
"Аман жүр, боталарым" демес пе едің...

Өкінішке орай, оның жыр шумақтары, өзінің төл дауысы халыққа жетпей, зерттелмей жатыр. Жалғасбай жыраудың ақындығымен қатар, шығарған бірнеше күйлері болған. Мысалы: "Бұқтымбұқтым" күйі соғыс кезіндегі бомба, снаряд пен оқтың дауысы, жантүршігерлік дыбыстар өте әсерлі шыққан. "Ақбелдің бес сылқымы", "Шағала", т.б туындылары болған. Сонымен қатар, "ортекені" ойнатып, халық күйлерін шебер орындап, жеткізе білген.

Облыстық телеарнадан Есенгелді Шілдебаев әзірлеген "Ғибратты ғұмыр", "Ұрпағымен мың жасайды", "Жыр жампозы Жалғасбай жырау", "Жырау – жырдың пірі", "Тұлпарлардың тұяғы Жалғасбай жырау" атты фильмдер көрсетілді.

2014 жылы сәуір айының 13 күні тележурналист Бейсен Құранбектің "Айтуға оңай" телехабары "Жыраулық өнер"деген тақырыппен өтіп, оған қатысқан фольклортанушы ғалым Берік Жүсіпов жырау мұрасы жайлы мағыналы әңгіме өрбітті. Сол секілді, Хамит Ембергеновтің "Аза", Тынышбек Дайрабаевтың "Дала перзенттері" кітабында жырау туралы жазылған.

Қармақшы ауданындағы Ақжар Жалғасбай жырау атына көше беріліп, облыстық жыраулар фестивалі өтті. Ал, 2019 жылы мамыр айында А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Жалғасбай жыраудың төл туындысына арналған облыстық жыраулар фестивалі өтіп, өлең, жыр-толғаулары өзіндік мақамымен, әсерлі әуенімен халыққа жетті.

Жоғарыда айтылғандай, Жалғасбай – өнері осы уақытқа дейін еленбей, ескерілмей келген жауынгер жырау. "Ештен кеш жақсы" дегендей, ұрпақтары, ардагерлер кеңесі бас болып, Жалғасбайға арнап кеш өткізді. Онда жауынгер жыраудың майданда, ел ішінде шығарған жыр-термелері орындалды. Енді осы дәстүр жалғасын таба береді деген үміт бар.

**Өтеген ЖАППАРХАН,**
**ардагер-журналист.**

SERGEK

ФУТБОЛ

# Әріптестеріміз топ жарды

**«Евразия» спорт кешенінде аймақтың дамуына үлес қосқан білікті маман, шебер ұйымдастырушы Әлия Ибраеваның өмірден өткеніне он жыл толуына орай «Шолпан жұлдыз өзіңсің шоқтай жарық» атты БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан турнир өтті.**




Әлия Әсембекқызын еске алуға арналған турнирді қала әкімдігі мен оның түрлі саладағы әріптестері және дос-жарандары ұйымдастырды. Сондай-ақ, шараға Әлияның туған-туыстары қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған қоғам белсендісі Мұрат Әбенов Әлия Ибраеваның өмірінен жарқын естеліктер айтып, турнирге қатысушыларға сәттілік тіледі.

Әлия Ибраева не бары 32 жыл ғана өмір сүрді. 1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін үздік бітірген соң еңбек жолын Қызылорда қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінде маман болып бастады. 2000-2002 жылдары мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің облыстық басқармасында маман, бас маман ретінде қызметін жалғастырды. 2002-2007 жылдары бөлім басшысы, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары, 2007-2008 жылдары облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымдарына дейін жоғарылады. Одан кейін облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасында бөлімге жетекшілік етті.

Турнирге «Ішкі саясат», «Сыр медиа», «Qyzylorda» телеарнасы, «Қоғам ТВ», «Меншікті тілшілер», «Қаламгер», «Жас тілшілер», «Әлияның достары» секілді барлығы 8 команда қатысып, бақ сынасты.

Тартысты бәсекенің қорытындысында «Сыр медиа» командасы жеңімпаз атанды. Жүлделі II орынды «Қаламгер» командасы иеленсе, ал «Qyzylorda» телеарнасы үздік үштікті еншіледі.

Жеңімпаз командаларға сый-сыяпат тапсырылды.

Соңынан «Hayat Palace» мейрамханасында Әлия Ибраеваның рухына құран бағышталып, ас берілді.

**Аян СПАНДИЯР.**

ДЗЮДО

# Азия чемпионы атанды

**Тайваньның Тайбэй қаласында дзюдодан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Тілеген Тынарбай жеңімпаз атанды.**



Ол 66 келіде ел намысын қорғап, төрт қарсыласын да қапы қалдырды. Осылайша Азия чемпионы атанған жас дзюдодан ҚР спорт шебері дәрежесіне қол жеткізді.

Қазір талантты спортшы қыркүйектің 24-29-ы аралығында Алматы қаласында өтетін Әлем чемпионатына қызу дайындық үстінде.

ТЕННИС

**Алматы қаласында теннистен 10 жасқа дейін жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен ел чемпионатында жерлесіміз Зауырбек Амангелді 2 медаль иеленді.**

# 10 жастағы Қазақстан чемпионы



Ел чемпионатында облыс қоржынына жекелей есепте бір алтын, бір күміс салған жерлесіміз микст ерекшелігі бойынша сынға түскен. Бұған дейін де республикалық жарыстарда топ жарған талантты жеткіншек тенниспен 6 жасынан айналысып келеді.

Ол «Нұрсәт» теннис орталығында Е.Өмірзақов пен Н.Жұрымбетовтың шәкірті ретінде тәлім алып жүр.

**«СБ» ақпарат.**

# Бағыты айқын Бақытбек

**Бақытбек Өтемұратов – Аралдағы Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «спорт және денешынықтыру» мамандығы бойынша бітірген ол өзінің жетістіктерімен мектепшілік, аудандық сайыстарға қатысып, мектеп абыройын көтеріп жүр.**



Бәріміз білетіндей, ұстаз мақсаты – шәкірттерінің шығармашылық қабілетін, өзіндік танымдық біліктілігін дамыта отырып, білім сапасын арттыру. Сонымен бірге, ел болашағы саналатын бүгінгі ұрпақты еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, өз тағылымы мен өнегесін кішкене бүлдіршіндерге арнап, бойындағы бар күш-жігерін жұмсауда мұғалім мәртебесі қашанда жоғары болмақ.

Бақытбек мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым ортасында беделді, адамгершілігімен қатар, мінезі ашық, өзі секілді жас мамандарға ұдайы көмектесіп отырады. «Ауызбіршілік үлкен асуды алады» деп түсінетін біздің кейіпкер ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл және мамандығын мақтаныш еткен ұстаз. Білімін үнемі жетілдіріп отыратын оның заман талабына сай маман екенін өз әріптестері де растайды.

Бақытбектің өзі де, шәкірттері де аудандағы түрлі додада топ жарып келеді. Әсіресе, баскетболдан түрлі турнирлерде үздік ойын өрнегін көрсетіп, жүлделі орындарды иемденіп жүр. Бұнымен қатар, шағын футбол мен аудан мұғалімдері арасындағы спорттық жарыстарда Оның еңсесі әрдайым биік тұрады. Жас болса да, өз жетістіктерімен аудан мақтанышына айналған Бақытбектің ендігі арманы – өзінің шәкірттерін облыс пен республикалық спорттық сайыстарда жеңімпаз ретінде көру. Ал бүгінде мектеп пен аудан абыройын қатар арқалап жүрген жас жігіттің айқын бағыты жас мамандарға үлгі болып отыр.

**«СБ» ақпарат.**

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** **Таралымы 29327** **Тапсырыс №1166**

Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА.**